

**Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің  
«№16жалпы білім беретін мектебі» КММ  
Мемлекеттік қызмет көрсету есебі 2021 жыл**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы №564 бұйрығына сәйкес «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың үлгілік ережелерін бекіту туралы». Үкіметтің 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39/НҚ қаулысымен бекітілген Мемлекеттік қызметтер тізілімі, білім беру қағидаларына сәйкес, Балқаш қаласының «ЖББ №16 мектебі» КММ мемлекеттік қызмет көрсету есебі::

2021 жылы 250 мемлекеттік қызмет көрсетілді,оның ішінде электронды түрде 235, қағаз түрінде 15;

1. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау (жауапты Әлімжан С.Б. хатшы).2021 жылы 154 мемлекеттік қызмет көрсетілді,оның ішінде электронды түрде 148, қағаз түрінде 6;

2. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау (жауапты-Ахметбекова А.С, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары). 2021 жылы 9 мемлекеттік қызмет көрсетілді,оның ішінде электронды түрде 2, қағаз түрінде 7;

3.Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру (жауапты Әлімжан С.Б , хатшы).2021 жылы 4 телнұсқа берілді,оның ішінде электронды түрде 4, қағаз түрінде 0;

4.«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыру ұсыну» (жауапты әлеуметтік-педагог Сахабаева А.С). 2021 жылы 56 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде электронды түрде 56; қағаз түрінде 0.

5."Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау (жауапты Әлімжан С.Б , хатшы). 2021 жылы 27 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде электронды түрде 25; қағаз түрінде 2.

Мемлекеттік қызмет көрсету ережелеріне сәйкес мереке күндерінен басқа күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін түскі үзіліспен, сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін жүзеге асырылады.

Қызмет көрсетудің негізгі қағидалары:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау;
- көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат беру;

- мемлекеттік қызметті алушы белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету;

- мемлекеттік қызметті уақтылы ұсыну;

- әдептілік және сыпайылық.

**Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауаптылар мыналарды қамтамасыз етеді:**

- әр айдың 30-на дейін мектеп ақпаратын жинау және өңдеу; - қызмет журналдарын уақтылы толтыру;

- қалалық білім бөліміне уақтылы ақпарат ұсыну.

Мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тарту, оларды көрсету мерзімін бұзу болған жоқ. Шағымдар түскен жоқ.

Мектеп Директоры:



С.Т.Сыздыкова